

Жылыой аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2016 жылғы 22 маусымдағы № 3-4 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5 тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жылыой аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) 2013 жылғы 14 маусымдағы № 13-9 "Жылыой ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешімі;

2) 2014 жылғы 23 шілдедегі № 21-2 "Жылыой ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2952 болып тіркелген , 2014 жылғы 14 тамыздағы № 31 "Кең Жылой" газетінде жарияланған) шешімі.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Аудандық мәслихаттың кезекті

III сессиясының төрайымы

Аудандық мәслихат хатшысы

С. Жұмағалиева

М. Кенғанов